## Аудан әкімінің 2008 жылғы 26 желтоқсандағы N 12-13 "Қаратал ауданы бойынша 1992 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскесінде тіркеуге алу және жастарды әскери қызметке шақыруға дайындау туралы" шешіміне өзгертулер енгізу туралы

***Күшін жойған***

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімінің 2009 жылғы 11 наурыздағы N 3-04 шешімі. Алматы облысының әділет департаменті Қаратал ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 16 наурызда N 2-12-103 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімінің 2009 жылғы 12 маусымдағы N 6-13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімінің 2009.06.12 N 6-13 Шешімімен

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 28–бабының 3–тармағына және Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңына сәйкес аудан әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қаратал ауданы әкімінің 2008 жылғы 26 желтоқсандағы N 12-13 "Қаратал ауданы бойынша 1992 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскесінде тіркеуге алу және жастарды әскери қызметке шақыруға дайындау туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 29 қаңтардағы 2-12-99 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 13 ақпандағы N 7 -ші "Қаратал" газетінде жарияланған) төмендегідей өзгертулер енгізілсін:

шешімнің атауы "Қаратал ауданы бойынша 1992 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскесінде тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" деп өзгертілсін.

шешімнің 2, 3-тармақтары, 9-тармағының 2-тармақшасы алынып тасталсын.

шешімнің 6-тармағының 1-тармақшасындағы:

"әзірлеу" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, "бұл іске тәжірибелі дәрігерлер мен қажетті орта медициналық қызметкерлерді қатыстыру" деген сөз тіркесі алынып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары К.

Естібаеваға жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім:* *Қ. Медеуов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК